

Медициналық мақсаттағы бұйымдарды бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы хаттама

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
Қостанай қ. 2019 жылғы «19» наурыз

1. Бір көзден сатып алу тәсілін қолдану негіздемесі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасының 11-тарауы, 123-тармағы «Ұсынылған тендерлік өтінімдердің болмауы себебінен тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы айқындаған әлеуетті жеткізушіге шақырту жібереді» және 2019 жылғы 13 наурыздағы №5 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бір көзден алу тәсілімен медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алуды жүзеге асыру туралы» Бұйрық.

2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бір көзден алу тәсілімен медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алу, кестеге сәйкес:

лот №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы	Сомасы	Жеткізу кестесі
4	Магистральдары бар қосарланған полимерлік жүйелер 450/450 мл CPDA-1	дана	612	2 300	1 407 600	наурыз-144, маусым-468
					1 407 600,00 тенге	
Барлығы:						

3. Сатып алуды ұйымдастыру қағидаларының 11-тарауы 120-тармағы 3) тармақшасы негізінде №4лот бойынша (Алматы қ., Өтеген батыр көшесі, 92а үй, 19 пәтер) «Каз Вита-Мед» ЖШС әлеуетті жеткізушісіне бір көзден сатып алу тәсілі бойынша сатып алуға қатысу туралы шақыру жіберілді.

№ лота	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы	Сомасы
4	Магистральдары бар қосарланған полимерлік жүйелер 450/450 мл CPDA-1	дана	612	2 300	1 407 600
Келісім-шарт бағасы					1 407 600,00

«Каз Вита-Мед» ЖШС-нің бағалар ұсынысын қарап, жеткізуші құқық қабілеттілігіне ие, Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі бар, төлем жүргізуге қабілетті, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешегі жоқ, банкроттық не таратылу рәсіміне жатпайды, жосықсыз әлеуетті жеткізушілер тізбесінде жоқ екендігі анықталды. «Каз Вита-Мед» ЖШС медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатуға рұқсаты бар (Сатып алуды ұйымдастыру қағидасының 3-тарауы). «Каз Вита-Мед» ЖШС ұсынған медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу қағидасының 4-тарауының талаптарына сәйкес келеді.

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық қан орталығы» КМК директоры



Е.С. Иосипенко